

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 660 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1652 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алматы қаласын энергиямен жабдықтаудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 660 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы "Алматы қаласын" деген сөздерден кейін "және Алматы облысын" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспеде "Алматы қаласының" деген сөздерден кейін "және Алматы облысының" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің , Алматы қаласы және Алматы облысы әкімдерінің, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" (бұдан әрі - "Самұрық-Қазына" АҚ) және "Алатау Жарық компаниясы" (бұдан әрі - Қоғам) акционерлік қоғамдарының:";

екінші абзацта :

"Алматы қаласының" деген сөздерден кейін "және Алматы облысының" деген сөздермен толықтырылсын;

"Самұрық" холдингі" АҚ-ның" деген сөздер "Самұрық-Қазына" АҚ-ның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Алматы қаласының әкімі, "Самұрық" холдингі" АҚ" деген сөздер " Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдері, "Самұрық-Қазына" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*